



Өңірлердегі инфляциялық үрдістер

2023 жылғы қаңтар

2023 жылғы қаңтарда жылдық инфляция 20,7%-ды құрады (2022 жылғы желтоқсанда - 20,3%). Азық-түлік тауарларының бағасы бір жылда 25,7%-ға (2022 жылғы желтоқсанда - 25,3%), азық-түлікке жатпайтын тауарлардың бағасы 20,2%-ға (2022 жылғы желтоқсанда - 19,4%), ақылы көрсетілетін қызметтер бағасы 14,2%-ға (2022 жылғы желтоқсанда - 14,1%) өсті.

Өңірлер бойынша жылдық инфляция 19 өңірде жеделдеді, ал 1 өңірде (Қарағанды облысы) баяулады. Жылдық инфляция 9 өңірде жалпы республикалық деңгейден жоғары болды. Жылдық инфляцияның ең жоғарғы мәні Маңғыстау облысында (24,1%), Астана қаласында (23,8%) және Ақмола облысында (21,8%) тіркелді.

1-сурет. Өңірлердегі жылдық инфляция (2022 қаңтар – 2023 қаңтар), %-бен

| | | |
|------------------------|-----|------|
| Маңғыстау | 8,7 | 24,1 |
| Астана қ. | 8,3 | 23,8 |
| Ақмола | 9,3 | 21,8 |
| Солтүстік Қазақстан | 8,3 | 21,7 |
| Түркістан | 8,4 | 21,1 |
| Абай | | 21,0 |
| Қызылорда | 8,0 | 20,9 |
| Ұлытау | | 20,9 |
| Шығыс Қазақстан | 8,8 | 20,8 |
| Ақтөбе | 9,2 | 20,7 |
| Қостанай | 8,4 | 20,7 |
| Қазақстан Республикасы | 8,5 | 20,7 |
| Батыс Қазақстан | 8,6 | 20,6 |
| Қарағанды | 8,7 | 20,6 |
| Павлодар | 8,5 | 20,6 |
| Жетісу | | 20,5 |
| Шымкент қ. | 8,5 | 20,4 |
| Алматы қ. | 8,6 | 20,2 |
| Жамбыл | 8,1 | 20,2 |
| Атырау | 8,7 | 19,9 |
| Алматы | 8,2 | 18,0 |

Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ

Қазақстанда азық-түлік тауарлары ел бойынша деңгейден (25,7% ж/ж) жоғары Маңғыстау (31,5%), Түркістан (27,4%) облыстарында, Шымкент қаласында (27,2%), Қызылорда, Солтүстік Қазақстан облыстарында және Астана қаласында (26,7%-дан), Ақтөбе (26,5%), Павлодар (26,3%), Жамбыл және Қостанай облыстарында (26,1%-дан), сондай-ақ Батыс Қазақстан облысында (25,8%) қымбаттады.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлардың бағасы елдегіден (20,2% ж/ж) жоғары Астана қаласында (31,7%), Шығыс Қазақстан (21,8%), Түркістан (21,0%), Солтүстік Қазақстан (20,9%) және Абай (20,6%) облыстарында өсті.

Ақылы көрсетілетін қызмет бағасы 14,2% ж/ж өсті, бұл ретте Ақмола (18,4%), Маңғыстау (18,3%), Ұлытау (16,5%) облыстарында, Алматы қаласында (15,7%), Қарағанды (15,5%), Солтүстік Қазақстан (15,3%), Абай (15,0%), Батыс Қазақстан (14,8%), Жетісу (14,5%) және Шығыс Қазақстан (14,3%) облыстарында жалпы республикалық деңгейден жоғары өсу қалыптасты.

1-кесте. Өңірлер бойынша ТБИ негізгі құрауыштары, %-бен, ж/ж

| Өңір | Азық-түлік инфляциясы | Азық-түлікке жатпайтын инфляция | Ақылы қызметтер инфляциясы |
|-------------------------------|-----------------------|---------------------------------|----------------------------|
| Қазақстан Республикасы | 25,7 | 20,2 | 14,2 |
| Ақмола | 25,7 | 19,8 | 18,4 |
| Ақтөбе | 26,5 | 18,9 | 14,0 |
| Алматы | 23,8 | 15,9 | 11,4 |
| Атырау | 25,3 | 19,7 | 12,0 |
| Батыс Қазақстан | 25,8 | 19,1 | 14,8 |
| Жамбыл | 26,1 | 19,0 | 12,6 |
| Қарағанды | 25,3 | 19,0 | 15,5 |
| Қостанай | 26,1 | 19,7 | 14,2 |
| Қызылорда | 26,7 | 19,9 | 13,2 |
| Маңғыстау | 31,5 | 19,4 | 18,3 |
| Павлодар | 26,3 | 19,0 | 14,0 |
| Солтүстік Қазақстан | 26,7 | 20,9 | 15,3 |
| Түркістан | 27,4 | 21,0 | 12,1 |
| Шығыс Қазақстан | 24,5 | 21,8 | 14,3 |
| Астана қ. | 26,7 | 31,7 | 12,5 |
| Алматы қ. | 24,3 | 18,9 | 15,7 |
| Шымкент қ. | 27,2 | 19,4 | 12,0 |
| Абай | 25,5 | 20,6 | 15,0 |
| Жетісу | 25,0 | 19,9 | 14,5 |
| Ұлытау | 25,2 | 19,2 | 16,5 |

Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ

2023 жылғы қаңтарда елдегі айлық инфляцияның өсуі 1,1%-ды құрап, баяулады, бұл соңғы 5 жылдағы (2018-2022 жылдары: 0,6%) қаңтардағы инфляцияның орташа мәнінен біршама жоғары. Барлық өңірлерде 2023 жылғы қаңтарда баға орташа тарихи нормасынан жоғары өсті. Айлық инфляцияның ең жоғары мәні Ақтөбе облысында (1,7%) байқалды.

2-кесте. 2023 жылғы қаңтардағы айлық инфляцияны 2018-2022 жылдардағы кезеңдегі орташа мәнмен салыстыру, %-бен

| Өңірлер | 5 жылдағы қаңтардың орташа мәні | 2023 жылғы қаңтар | Өңірлер | 5 жылдағы қаңтардың орташа мәні | 2023 жылғы қаңтар |
|-------------------------------|---------------------------------|-------------------|-----------------|---------------------------------|-------------------|
| Қазақстан Республикасы | 0,6 | 1,1 | Шығыс Қазақстан | 0,5 | 1,0 |
| Ақтөбе | 0,7 | 1,7 | Астана қ. | 0,7 | 1,0 |
| Алматы | 0,5 | 1,5 | Алматы қ. | 0,7 | 1,0 |
| Шымкент қ. ¹ | 0,6 | 1,5 | Жетісу | - | 1,0 |
| Ақмола | 0,4 | 1,4 | Ұлытау | - | 1,0 |
| Қызылорда | 0,4 | 1,2 | Жамбыл | 0,7 | 0,9 |
| Түркістан | 0,7 | 1,2 | Манғыстау | 0,8 | 0,9 |
| Абай | - | 1,2 | Атырау | 0,6 | 0,8 |
| Павлодар | 0,6 | 1,1 | Қарағанды | 0,6 | 0,8 |
| Батыс Қазақстан | 0,6 | 1,0 | Алматы | 0,6 | 0,7 |
| Қостанай | 0,5 | 1,0 | | | |

Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚРҰБ есептеулері

¹ Шымкент қаласы бойынша соңғы 4 жылдағы (2019-2022 жж.) орташа мән